



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ****Шөлібай Алиасқар Жалғасбайұлы***Ali-askar01@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Экономика факультеті, менеджмент кафедрасы, 2 курс, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Амренова Ғ.Қ.

Әлемдегі озық дамыған елдерде ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау арқылы өздерін азық-түлікпен толық қамтамасыз ету мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Алайда, жер, су ресурстарының шектеулігіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қажетті табиғи ресурстардың тапшылығы жылдан-жылға ұлғаяуда. Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің әлемге белгілі «Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде «Барлық стратегиялық басымдықтардың көш басында агроөнеркәсіп кешенін дамыту, оны дәйекті де батыл реформалау, сондай-ақ тұтыну рыногын өнеркәсіп тауарларымен толтыру шаралыры жүретін болады» — деп атап көрсеткен болатын. ҚР- да

агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын әлеуметтік – экономикалық дамытуға мүмкіндік мол. Егер де осы потенциалдық мүмкіндікті рынок жағдайында әрбір жекеленген аймақтардың табиғи-экономикалық өзгешеліктерін еске ала отырып ауыл шаруашылығының әлеуметтік салаларын дамыта білсек, еліміздің экономикасын бұдан да биік деңгейге көтеруге мүмкіндік жасар едік.

Аймақтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму стратегиясы, оның негізгі мазмұны нақтылы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен анықталады. Оның негізгі мәніне, біріншіден, аймақтық ішкі даму факторлары: табиғи ресурстары, экономикасының нақтылы жағдайы мен оның құрлымы, мамандандудың, шығын және орта бизнестің даму деңгейі, аймақтық рыноктың қалыптасқандығы және т.б жатады[1]. Екіншіден, аймақтағы сыртқы орта факторлары: мемлекеттің экономикалық және аймақтық саясаты, оның әлемдік ортадағы орны, сыртқа шығару – сырттан әкелу мүмкіндіктері, әлемдік рынок конъюктурасы негіз болады. Оған себеп: ауыл жүйесінде шаруашылықтың әлеуметтік –экономикалық даму стратегиялық жүйесінде аймақтың ішкі ресурстарын тиімді пайдалану мен қатар аймақ шеңберіндегі сегменттік рынокты, шағын бизнесті, өндірістік және әлеуметтік инфроқұрылымдарды жетілдіру үлкен орын алады.

Қазақстанның көптеген аймақтарында ауыл шаруашылығының әлеуметтік – экономикалық даму рынок экономикасына сай жүргізілмей отыр. Оған себеп біздің мемлекет, экономикасы қалыптасқан басқа елдер сияқты ықшамды территорияда орналасқан аймақтардың ішкі резервін тиімді пайдалана отырып, Әлеуметтік салаларды дамытудың орнына, көптеген әлеуметтік - экономикалық шараларды бүкіл республика шеңберінде жүргізуді мақсат еткендіктен, қаражаттың және басқа ресурстардың жетіспегендігінен олар өздерінің тиімділігін мезгілінде бере алмай отыр. Елбасы Н.Назарбаев 10-шы Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында «Қазақстан ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жалпы ауданы 90 миллион гектарға жуық жерге ие бола отырып, азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық орталығына айнала алады», - деді[2]. Елбасының тұжырымдамасы еліміздің экономикасын жоғарғы деңгейге көтеруге бағытталған. Сондықтан агроөнеркәсіп кешенін дамытуда осы бастаманы басшылыққа кезек күттірмейтін шара ретінде қабылдап, оны жүзеге асыру мәселелері өз шешімін табуы тиіс. Агроөнеркәсіп саласын қарқынды дамытып, жаһандық орталыққа айналдыру үшін бұл салада мемлекеттік, өндірістік ұйымдар, шаруа қожалықтар, фермерлер, және жеке кәсіпкерлік құрылымдарды шектеусіз қатар қалыптастырып, олардың тиімді жұмыс жасауына мемлекет тарапынан ауқымды іс-шаралар қарастырылуы қажет. Бұл іс-шараларды жүзеге асырудың негізгі жолы ауыл шаруашылық құрылымдарды ірілендіру

болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда жеке кәсіпкерлер өз еркімен ауылшаруашылық кооперацияларына бірігуге құлықты емес. Оның басты себебі нормативтік құқықтық базаның жетілмегені, кооператив қызметінің айқын болмауына байланысты кооператив мүшелерінің бір біріне сенімсіздігі. Шаруа қожалықтары мен фермерлердің иелігендегі жер алқаптарының шағын көлемі және олардың өндірістік әлеуетінің тиісті дәрежеде болмауы өндіріске озық технологиялар мен ғылым жетістіктерін өз дәрежесінде енгізуге мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігі жоғары деңгейде емес. Мал шаруашылығы өнімдерінің едәуір үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі. Бұл төмен өнімділікке әкеліп, өнімдердің өзіндік құнының жоғарылауына әсерін тигізуде. Осы жағдай өз кезегінде ішкі нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұранысты толық қамтамасыз етпей импортқа тәуелділікті қалыптастыруда. 2018 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 113,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылғы қаңтардан 3,7%-ға жоғары. Өндіріс көлемінің өсуі – тірі салмақтағы мал мен құстың сойылған көлемінің – 4,2%-ға, шикі сиыр сүті сауымының – 2,4%-ға ұлғаюымен, алынған тауық жұмыртқасы санының – 19,3%-ға өсуімен байланысты. 2018 жылғы қаңтарда 2017 жылдың қаңтарымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуі республиканың 12 өңірінде белгіленді. Қостанай облысында ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі тауық жұмыртқасының 17,4%-ға, еттің барлық түрі – 6,8%-ға, сиыр сүтінің өндірісі – 5,1%-ға, ұлғаюымен түсіндіріледі. Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылымының өсуіне тауық жұмыртқасы өндірісінің – 40,6%-ға, еттің барлық түрі – 4,6%-ға, сиыр сүтінің өндірісі 2,3%-ға өсуі әсер етті. Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылымының өсуіне тауық жұмыртқасы өндірісінің – 22,1%-ға, еттің барлық түрі – 16,4 %-ға, сиыр сүтінің 1,1%-ға өсуі әсер етті[1]. Бұл ненің айғағы, ауыл шаруашылығының экономикалық рөлі маңызды секторлардың қатарына жататынын, сонымен қатар осы секторды қадағалау шаралары дұрыс болған жағдайда Қазақстанның көптеген аймақтарында ауыл шаруашылығының әлеуметтік – экономикалық даму көрсеткіштері көтерілетін көреміз. Ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканы дамытып жатқан басым салалардың бірі. Сондықтан агроөнеркәсіптің барлық салаларын дамыту шаралары қолға алынған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Мұқашев «Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың ілімдік негіздері», 2010
2. А. Сейдахметов «Агробизнестің экономикалық негіздері», Алматы, «Экономика» 2011 ж. 89-97 бет.
3. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14 желтоқсан 2012ж
4. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың бас мақсаты. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана. 2008ж. 6 ақпан.
5. www.stat.gov.kz
6. www.akorda.kz